

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
ШЕШІМІ**

Ақтөбе қаласы №438

2019 жылғы 19 маусым

«Ақтөбе қаласында Мұз сарайын салу және пайдалану» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер қабылдау туралы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 163-бабының 2-тармағына, 164-бабына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 қарашадағы №725 бұйрығымен бекітілген, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №12717 тіркелген, Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау және іске асыру Қағидаларының 159-тармағына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 23 мамырдағы №41 «Жергілікті атқарушы органдардың 2019-2021 жылдарға арналған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиттерін бекіту туралы», нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №18728 тіркелген бұйрығына сәйкес және Ақтөбе облысы әкімдігінің бюджеттік комиссиясы отырысының 2019 жылғы 15 сәуірдегі №3 хаттамасының негізінде, Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес «Ақтөбе қаласында Мұз сарайын салу және пайдалану» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер қабылдансын.
2. Осы шешім қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

Б.БЕРКІМБАЕВС.ҚАЛДЫҒҰЛОВА

«Ақтөбе қаласында Мұз сарайын салу және пайдалану»

мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша 2019-2021 жылдарға

мемлекеттік міндеттемелер

Функционалдық топ					Сомасы (мыңтеңге)	Соның ішінде жылдар бойынша:		
Функционалдың кіші топ						2019	2020	2021
		Бюджеттік бағдарлама әкімшісі						
		Бағдарлама						
			Атауы					
1	2	3	4	5	6	7	8	9
13				Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	2 523 511,9	845 243,0	845 242,3	833 026,6
		285		Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	2 523 511,9	845 243,0	845 242,3	833 026,6
			096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	2 523 511,9	845 243,0	845 242,3	833 026,6
				Соның ішінде:				
				«Ақтөбе қаласында Мұз сарайын салу және пайдалану»	2 523 511,9	845 243,0	845 242,3	833 026,6